

Ата-анамен қарым- қатынас

Ата-аналармен қарым-қатынас формалары

Баяндама

Пікірталас

*Ойын
түрлері*

*Мерекелік
кештер*

*Дөңгелек
үстел*

*Сауалнам
а*

Ата-анамен жұмыстың маңыздылығы неде?

- 1.Ата-ананың бала тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру.
- 2.Отбасын білім беру ісіне араластыру,балаларды құбылмалы әлемдегі өмірге бейімдеу,оның өз бетінше оқып үйренуге үнемі талпынысын қалыптастыру.
- 3.Ата-ананы баланың психологиялық ерекшеліктеріне,көңіл күйіне мән беруге бағыттау.
- 4.Бүгінгі бала ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететіндігін атап өту.
- 5.Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке қатысып,бірлесіп өткізілген семинарлар арқылы ақпарат алмасып тығыз қарым-қатынас орнатуға атсалысу.

Тәрбиешілер ата - аналарға ақыл кеңес беріп, ұсынылатын тыңдау барысында төмендегідей қарым — қатынас ережелерін есте сақтауы керек;

Бір – біріне көңіл бөлу

Тыңдау

Сыйлау

Көзбе – көз қарау

Тиімді орынды таңдау

Әзілді сезіну

ұрыс – керістен сақтану сияқты

Сонымен қатар ата — аналарға тәрбиеші сөзі әсерлі, отбасы қажеттіліктеріне байланысты екендігін түсіндіріп толық тыңдату үшін:

Сиқырлы сөздер айту;

Баласының жетістігін айту

Сенімді болу

Көңіл — күйіне қарау

Намысына тимеу

Материал арқылы сөйлесу (анкета, тест, т.б)

Қарапайымдылық

Пікірін сыйлау

Іс - әрекеттің түрлі формалары

Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген рефлексік қызмет «іске қосылады». Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс –тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейілінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін «Шебер қолдар» үйірмесін ұйымдастыруға болады. Балаларды қол өнердің кейбір түрлеріне, кесте тігуге, кейбір ата-аналар ертеңгіліктерге бірігіп декорация жасауға, киімдер тігу, атрибуттар дайындау сияқты жұмыстарға араластыруға болады. Мерекелер, балаларды қорғау күні қарсаңында «Сүйікті ойыншықтарым», «Ғажайып балалар әлемі» атты акциялар өткізуге болады.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық- баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділігі ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

- а) Ата-аналармен педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру; (Дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастыру, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);
- б) Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);
- в) Балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті, ата-аналар кеңесі, аталар алқасы, әжелер клубы).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталған болуы керек.

Ата-аналармен жұмыстың әдістері : бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу.

Ата-аналармен жүргізілетін тренингтер-бұл ата-аналардың өз балаларына деген мінез-құлқын, қарым-қатынасын өзгертуге ықпал ететін жұмыс түрі. Тренингтерге 12-15 ата-ана қатыса алады. Тренингке ата-аналар тұрақты түрде және белсенді қатынасқанда нәтижелі болады. Оның нәтижесіне жету үшін 5-8 рет өткізу тиімді. Ол негізінен балабақша психологымен бірлескен жұмыс жоспары жағдайында өткізіледі. Тренингтерді төмендегі тақырыптарда өткізу ұсынылады: «Менің сүйікті ойыншығым», «Менің сүйікті кейіпкерім», «Балалар ойыны», «Балалықты еске алу», «Менің отбасым туралы бейне көрініс», «Компьютердің пайдасы мен зияны», т.б.

Қортынды. Дәрісті қорыта келе, тәрбиешінің қызметі мен міндеттерін анықтап, тәрбиешінің жеке басына қойылатын талаптарға тоқталдық. Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі және қызметінің ерекшелігі айтылып, тәрбиешінің балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын басшылыққа алып жұмыс жүргізу жолдары қарастырылады.

- Әдістемелік нұсқау. Дәрісте ұсынылған материалдарды оқушы-студенттер толық меңгеру үшін төмендегідей мәселелерге басым көңіл бөлу керек.Тәрбиеші қызметіне сәйкес негізгі тірек түсініктердің мәнін ашып, мағынасын түсінуі:
- Тәрбиеші қызметі мен мақсат міндеттерін нақты білуі;
- Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі мен қызметінің ерекшелігін айқындай білуі,
- Оқу тәрбие процесінің барысына ,әдіс-тәсілдеріне таратпа материалдар арқылы талдау жасау педагогикалық жағдаяттарды (есептерді) шешу арқылы меңгеру, тәжірибелік жаттығулар жасау.

« Балабақша ішілік және топ ішілік болып, озық қабілетті, танымал ата - аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады» Топқа ата – аналарды тартудың қажеттілігі * Балаларда іс — әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады * балаларға маңызды жетістіктерге жете алады * балаларға отбасы мен балабақша байланысын сезіну ұнайды * тәрбиешіге балаларға жетекшілік жасау жеңілірек болады жекелеп оқыту мүмкіндігі туады * ата - аналар және отбасы мүшелері өздерінің балаларының оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді * ата – аналар балабақшадағы оқыту - тәрбие жоспарларымен танысады Ата – анамен жүргізілетін жұмыс Жұмыс түрлері : • топішілік ата - аналар жиналысы • балабақшаішілік ата – аналар жиналысы • ата – аналармен жеке кездесу • ата – аналар үшін ашық есік күн • мерекелік кештерге шақыру • ата – аналарды тренинг ойындарға қатыстыру • отбасылық жарыстарға қатыстыру Негізгі міндеттері : * тәрбиешінің топ ата - аналармен құрамын зерттеуі * ата – аналармен тұрақты байланыс орнату * ата – аналар ұжымын құру * ата - аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру * үштік одақ (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру Атқаратын қызметі : * ата - аналарды топтағы оқу - тәрбие процесінің мазмұны және әдістемесімен таныстыру * ата – аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру * отбасы тәрбиесі туралы ата - аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру * ата - аналар белсенділерімен жұмыс жүргізу және әр түрлі қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуін қауымдастыру

Оқу жылындағы ата-аналармен жылдық жоспар

Тоқсан	Іс-шаралар	Жиналыс түрлері
1-тоқсан	1.«бала тәрбиесінің ерекшеліктері». 2.Ата-аналарды топпен,күн тәртібімен,ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен,тәрбие жұмысының мақсаттарымен таныстыру. 3.Ата-аналар комитетін сайлау. 4.Ұстаздар мерекесіне ертеңгілік ұйымдастыру.	Кеңес Дөңгелек үстел
2-тоқсан	1.Бірінші тоқсанның тәрбие мен оқытудың есебін беру. Индикатор,баланың қатысу мониторингі. 2.Бала дегеніміз-болашақ. 3.Әр түрлі сауалнама.	Баяндама Дөңгелек үстел Пікірталас
3-тоқсан	1.Екінші тоқсанның тәрбие мен оқытудың есебін беру. Индикатор,баланың қатысу мониторингі. 2.Ата-аналар жиналысы,жыл бойы жүргізілген жұмыс қорытындысы. 3.Әр түрлі (жазғы маусымға дайындық)	Дөңгелек үстел Ойын түрлері
4-тоқсан	1.Жаз мезгіліндегі іс-шаралар. 2.Сауалнама 3.Спорттық жарыстар.	

Оқу жылындағы ата-аналармен жылдық жоспар және жүргізілетін іс-шаралар

Ай аттары	Іс-шаралар	Жиналыс түрлері
Қыркүйек	1.«бала тәрбиесінің ерекшеліктері». 2.Ата-аналарды топпен,күн тәртібімен,ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен,тәрбие жұмысының мақсаттарымен таныстыру. 3.Ата-аналар комитетін сайлау.	Дөңгелек үстел
Қазан	1.Мектепке дейінгі балалармен жұмыс жасау. 2.Ұстаздар мерекесіне ертеңгілік ұйымдастыру 3. «Алтын күз» мерекесіне ертеңгілік ұйымдастыру	Баяндама Дөңгелек үстел Мерекелік кеш
Қараша	1. «Тәрбие-тал бесіктен». 2.Сауалнама	Пікірталас
Желтоқсан	1. Ата-аналар жиналысын жүргізу. 2. «Кел жаңа жылжаңа жыл» ертеңгілігіне ата-аналарды шақыру.	Мерекелік кеш
Қаңтар	1. «Балабақша мен ата-ана бірлігі» 2. Сауалнама	Баяндама
Ақпан	1.Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуында кездесетін әдеттегі проблемалар. 2.Мектепке дейінгі жастағы баланы ата-анасына не туралы ойлау пайдалы.	Баяндама Дөңгелек үстел
Наурыз	«Мерекеңмен – Анашым» «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз»	Мерекелік кеш Мерекелік кеш
Сәуір	Ата-аналарға арналған: «Өз балаңызды дұрыс тәрбиелеп жатырсыз ба?» Сауалнама	Пікірталас
Мамыр	1.Ата-аналар жиналысы,жыл бойы жүргізілген жұмыс қорытындысы. 2.Жазғы маусымға дайындық.	Дөңгелек үстел

Назарларыңызға рахмет.



Азығы бір күнге жететін айламен емес,

Бірінші күнге жететіндей жолмен емес, ағайындар!